

Ғылыми дәрежелер берудің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 4 маусымдағы N 422 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 6 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1530. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 10 қаңтардағы N 16 бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Ғылыми дәрежелер берудің Ережесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік аттестациялық комитетінің 1996 жылғы 12 мамырдағы N 194а "Ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтарды беру тәртібі туралы Ереженің" бекітілуі мен іске асырылуы жөніндегі" Қаулысы күші ж о й ы л ғ а н д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Жоғары аттестациялық комитеттің төрағасы А.Қ. Құсайыновқа жүктелсін.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым Министрі
міндетін атқарушының
2001 жылғы 4 маусымдағы

N 422 бұйрығымен бекітілген

ҒЫЛЫМИ ДӘРЕЖЕЛЕР БЕРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы қағидалар

1. Осы Ережелер мемлекеттік аттестаттау органы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комитетінің (бұдан әрі - ЖАК) ғылым докторы және ғылым кандидаты ғылыми дәрежелерін беру т ә р т і б і н б е л г і л е й д і .

2. Ғылым докторы ғылыми дәрежесін ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар ізденушіге көпшілік алдында диссертация қорғағаннан кейін диссертациялық кеңестің өтініш-хаты негізінде, тиісті сараптау кеңесінің қорытындысын ескеріп, Ж А К Т ө р а л қ а с ы б е р е д і .

Ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін арнаулы жоғары білімді маман біліктілігі немесе "магистр" академиялық дәрежесі бар ізденушінің көпшілік алдында диссертация қорғауының негізінде диссертациялық кеңес береді, ЖАК кеңес шешімін бекітеді. "Бакалавр" академиялық дәрежесі бар мамандар

кандидаттық диссертация қорғауға жіберілмейді.

3. Ғылым докторлары мен ғылым кандидаттарына белгіленген мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі. Жоғары білікті кадрлары аттестаттау жүйесінің жұмысына қатысушы Қазақстан Республикасының азаматтарының (диссертациялық кеңестердің, сараптау кеңестерінің, ЖАК Төралқасы мүшелерінің) Қазақстан Республикасының белгіленген мемлекеттік үлгідегі ғылым докторы немесе кандидаты дипломы болуы керек.

2. Диссертациялық кеңестер

4. Диссертациялық кеңестер жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестаттау жүйесінің негізгі буыны болып табылады және тиісті ғылым саласында өз жетістіктермен танылған қызметкерлері белгілі бір ғылым саласында жетекші ғалымдар ретінде саналатын, арнайы ғылыми басылымдарда ғылыми еңбектері жиі жарияланып жүрген, сондай-ақ, өздері сұраған мамандықтар бойынша докторантурасы (аспирантурасы), кафедрасы (бөлімі, лабораториясы), жұмыс істеп тұрған ғылыми семинары бар жоғары оқу орындарында, ғылыми, ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік ұйымдарда (бұдан әрі - ұйымдар) олардың өз өтініштерінің негізінде құрылады.

Диссертациялық кеңестер диссертациялардың сапасы мен дұрыс бағалануына, сондай-ақ, қабылданған шешімдердің негізділігіне жауап береді және ізденушілерді аттестаттаудағы талаптардың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге м і н д е т т і .

Осы Ережедегі талаптардың бұзылғаны анықталған жағдайда ЖАК диссертациялық кеңестердің шешімдерін жоя алады, кеңес басшылығы мен мүшелерін ауыстыру, диссертациялық кеңес жұмысын уақытша тоқтау немесе оны таратып жіберу, сондай-ақ түрлі мерзімге ғылыми жетекшілік және оппоненттік ету құқынан айыру туралы Министрлікке ұсыныс енгізуі мүмкін.

Диссертациялық кеңесті жасақтау мен оның қызметін ұйымдастыру тәртібі Диссертациялық кеңес туралы Ережемен анықталады.

5. ЖАК диссертациялық кеңестердің қызметін үйлестіреді, мамандықтар номенклатурасына енгізілген өзгерістер мен басқа да жағдайларды ескеріп, әрбір ғылыми мамандық бойынша диссертациялық кеңестердің желісін қайта қарап о т ы р а д ы .

6. Диссертациялық кеңестер өздері жұмыс істейтін ұйымдардың басшылары алдында есеп береді, осы ұйымдардың мөрі мен бланкілерін пайдаланады. Ұйым басшылары диссертациялық кеңестердің жұмысына қажетті жағдай туғызуға ж а у а п т ы .

7. Диссертациялық кеңестердің мәжілістерін өткізу үшін жай, оргтехника бөлуге, ізденушінің ЖАК-қа жіберілетін аттестациялық ісін ресімдеуге, диссертациялық кеңестердің ғылыми хатшыларының қызметіне

катысты шығындарды төлеу, басқа қалалардан келетін кеңес мүшелерінің іссапар шығындары диссертациялық кеңестер құрылған ұйымдарға жүктеледі. Көрсетілген шығындарды ізденушілердің өз есебінен өтеуге жол берілмейді.

3. Кандидаттық емтихандар

8. Ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін ізденуші төмендегі пәндерден кандидаттық емтихан тапсыруы қажет:

ф и л о с о ф и я ;
қ а з а қ т і л і ;
ш е т т і л і ;
а р н а й ы п ә н .

Кандидаттық емтихан тапсыратын ізденушінің орындайтын диссертациялық жұмысының бағыты бойынша арнаулы жоғары білімді маман біліктілігі немесе " магистр" академиялық дәрежесі болуы керек.

Орындайтын диссертациялық жұмысының бағытына сай келмейтін арнайы жоғары білімді маман біліктілігі немесе "магистр" академиялық дәрежесі бар ізденуші осы ғылымның жалпы курсы бойынша қосымша кандидаттық емтихан тапсырады, олай болмаған жағдайда диссертация қорғауға жіберілмейді.

Кандидаттық емтихан тапсырғандығы туралы анықтаманы арнаулы пәннен емтихан тапсырған ұйым толтырады. Кандидаттық емтихандардың бағалары он ж ы л б о й ы н а ж а р а м д ы .

9. Кандидаттық емтихандарды даярлау (дәрістер оқу, семинар сабақтарын өткізу, ізденушілердің ғылыми-зерттеулерін тексеру) және өткізу тәртібі қолданыстағы заң нормаларына сәйкес анықталады.

4. Диссертацияларға қойылатын талаптар

10. Ғылым докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация ізденушінің ғылымға маңызды үлесін қосқан ғалым ретінде өсіп-жетілгендігін білдіретін, арнайы дайындалған қолжазба түрінде ұсынылған ғылыми білікті жұмыс болуы керек. Диссертацияда автордың жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде тиісті ғылыми бағыттың дамуындағы жаңа ірі жетістік ретінде тануға болатын теориялық қағидалар шығарылған, немесе маңызды әлеуметтік-мәдени, техникалық, экономикалық не саяси мәні бар ғылыми проблема шешімін тапқан, болмаса өндіріске енгізу қоғамның ғылыми-техникалық прогресін жеделдетуге елеулі үлес қосатын ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешім баяндалған б о л у ы қ а ж е т .

11. Ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация тиісті ғылым саласы үшін елеулі мәні бар мәселенің шешімі қарастырылған, болмаса ғылымның маңызды қолданбалы мәселелерін шешуді қамтамасыз ете алатын ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық

зерттеулер баяндалған арнайы дайындалған қолжазба түрінде ұсынылған ғылыми білікті жұмыс болуы керек.

12. Диссертация ізденушінің өзі жазған, автордың көпшілік алдында қорғауға ұсынатын жаңа ғылыми нәтижелері мен қағидаларының жиынтығынан тұратын, ішкі бірлігі сақталған, автордың ғылымға қосқан жеке үлесін көрсететін жұмыс болуы керек. Автордың қорғауға ұсынған жаңа шешімдері жеткілікті дәлелденіп, ғылымда бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырғанда қатаң түрде сыни тұрғыдан бағалануы қажет.

Қолданбалы мәні бар диссертацияда авторлық куәліктермен, патенттермен және басқа ресми құжаттармен расталған автордың қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің практикада қолданылуы туралы мәліметтердің келтірілуі, ал теориялық мәні бар диссертацияда оның ғылыми нәтижелерін пайдалану жайында ұсыныстардың болуы қажет.

Диссертация мемлекеттік немесе орыс тілінде жазылады.

Диссертацияның ресімделуі ЖАК белгілеген талаптарға сәйкес болуы қажет.

13. Диссертацияның негізгі мазмұны ғылыми, ғылыми-талдау, ғылыми-практикалық басылымдарда жариялануы керек.

Автордың жарияланған еңбектерінде диссертация материалдарының толық қамтылуын, төмендегі көрсеткіштерді басшылыққа ала отырып, диссертациялық кеңес анықтайды:

- кандидаттық диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері кем дегенде 3 мақалада (депоненттелгендерінен басқа) және ғылыми конференциялардағы баяндамалардың кем дегенде 3 тезисінде жариялануы керек;

- докторлық диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері монография мен кем дегенде 30 ғылыми еңбекте (баяндамалардың тезистері мен депоненттелген қолжазбаларынан басқа) жариялануы, оның кем дегенде 5-і жеке жарияланымдары, кем дегенде 5-і ЖАК ұсынған басылымдарда және кем дегенде 3-і шет елдерде жарияланған болуы қажет.

14. Диссертация жазу үстінде ізденуші материалдарын немесе жекелеген нәтижелерін пайдаланған авторларға және дерек көздеріне сілтемелер жасауға міндетті.

Ізденуші диссертациясында өзге авторлармен бірлесе отырып жазылған ғылыми еңбектердегі ойлар мен ізденістерді пайдаланған жағдайда, ол оны диссертациясында атап өтуге міндетті.

Ізденуші авторын және дерек көзін көрсетпей бөтен материалды пайдаланған жағдайда, талқылаудың қай тұсында екеніне қарамастан, диссертация қайта қорғау құқығынсыз әрі қарай қараудан алынып тасталады.

5. Диссертацияларды қорғауға ұсыну және қорғау

15. Диссертация орындалған немесе ізденуші бекітілген ұйым ұсынылған диссертацияны алдын ала талқылаудан өткізіп, диссертацияда баяндалған зерттеу нәтижелерін алудағы автордың нақты өзінің қатысын, жүргізілген зерттеу нәтижелерінің негізділігінің дәрежесін, олардың жаңалығы мен практикалық маңыздылығын, паспортына диссертация сәйкес келетін мамандық атауын, автордың жарияланған еңбектерінде диссертация материалдарының толық қамтылуын айқындайтын қорытынды береді.

Егер диссертациялық зерттеулер екі немесе одан да көп ұйымдарда орындалған болса, онда олардың әрқайсысында немесе бірлескен отырысында алдын ала талқылау өткізіп, тиісті қорытындыларын диссертациялық кеңеске ұ с ы н у қ а ж е т .

Қорытынды ізденушіге диссертация алдын ала сараптауға ұсынылған күннен кандидаттық диссертация үшін екі ай, докторлық диссертация үшін үш ай мерзімнен кешіктірілмей берілуі керек.

16. Диссертациялық кеңес құжаттары ЖАК белгілеген тізбеге сәйкес диссертацияны ғана алдын ала қарауға қабылдайды.

Медицина ғылымдары бойынша диссертация қорғауға жоғары медициналық білімді маман біліктілігі немесе медицина магистрі академиялық дәрежесі бар, мал дәрігерлік ғылымдары бойынша жоғары мал дәрігерлік білімді маман біліктілігі немесе мал дәрігерлік магистрі академиялық дәрежесі бар адамдар ж і б е р і л е д і .

Диссертацияның кеңесте алдын ала қаралу рәсімі Диссертациялық кеңес туралы Е р е ж е м е н белгіленеді.

17. Диссертациялық кеңестер осы кеңес жұмыс істейтін ұйымдардың басшыларының (олардың орынбасарларының) диссертацияларын қарауға қ а б ы л д а у ғ а қ ұ қ ы с ы з .

18. Диссертация бірнеше мамандықтар түйісінде орындалып, ал диссертациялық кеңеске олардың біреуінен ғана диссертацияларды қорғауға қабылдау құқығы берілген жағдайда, ЖАК диссертациялық кеңеске өтініші бойынша бір жолғы қорғау ұйымдастыру үшін оның құрамына жоқ мамандық бойынша қажетті мөлшерде ғылым докторларын кіргізу жөнінде Министрлікке ұ с ы н ы с е н г і з е д і .

19. Диссертациялық кеңес ізденуші барлық қажетті құжаттарды тапсырған күннен бастап кандидаттық диссертация үшін екі ай, ал докторлық диссертация үшін үш ай мерзімнен кешіктірмей диссертацияны қорғауға қабылдайды немесе сол мерзімде ізденушіге диссертацияны қабылдаудан бас тарту туралы дәлелді қ о р ы т ы н д ы б е р е д і .

20. Кеңестің рұхсатымен диссертациялар бойынша көлемі, докторлық диссертация үшін екі баспа табаққа, ал кандидаттық диссертация үшін бір баспа

табаққа дейінгі мөлшерде диссертация жазылған тілде қолжазба құқығында диссертациялардың авторефераттары басылуы тиіс. Авторефераттың рәсімделуі ЖАК белгілеген талаптарға сәйкес болуы қажет.

Авторефератта диссертацияның негізгі нәтижелері мен қорытындылары баяндалып, жүргізілген зерттеуге автордың қосқан үлесі, жаналық дәрежесі мен зерттеу нәтижесінің практикалық құндылығы көрсетілуі тиіс. Диссертацияның авторефераты мемлекеттік немесе орыс тілінде баспахана тәсілімен немесе көбейткіш аппараттарда диссертациялық кеңес белгілеген данамен, бірақ кем дегенде 70 данамен басылады.

Автореферат диссертациялық кеңес мүшелеріне және мүдделі ұйымдарға диссертация қорғаудан бір ай бұрын таратылады. Автореферат жіберілуге тиісті адресаттар тізімін диссертацияны қорғауға қабылдап алған диссертациялық кеңес анықтайды. Бұл тізімге диссертация саласы бойынша жұмыс істейтін өзге диссертациялық кеңестер, Қазақстан Республикасының ірі және арнаулы кітапханалары, мүдделі ұйымдар мен тиісті ғылым саласының жетекші ғалымдары, сондай-ақ тиісті диссертациялық зерттеулер жүргізілген ұйымдар енгізіледі.

Авторефераттар міндетті түрде жіберілетін ұйымдардың тізімін ЖАК белгілейді.

Авторефераттарды жіберуді диссертациялық кеңестердің ғалым хатшылары камтамасыз етеді және жіберілгендігі туралы мәліметтердің растығына дербес жауап береді.

21. Қорғауға қабылданған диссертацияның бір данасы мен авторефераттың екі данасын ізденуші қорғауға ең кемі бір ай қалғанға дейін диссертациялық кеңес құрылған ұйымның кітапханасына (біріккен кеңесте қорғаған жағдайда құрылтайшы-ұйымның әрқайсысының кітапханасына авторефераттың екі данасын) тапсырады, онда ол кеңес шешімін ЖАК бекіткенге дейін қолжазба құқығында сақталады.

22. Диссертациялық кеңестер диссертация бойынша тиісті мамандық пен ғылым саласының диссертация тақырыбына жақын кемінде үш мақаласы бар ғалымдарының ішінен ресми оппоненттер тағайындайды, бұл ретте олардың тек біреуі ғана осы диссертациялық кеңестің мүшесі бола алады.

Докторлық диссертация бойынша ғылым докторы дәрежесі бар үш ресми оппонент тағайындалады.

Кандидаттық диссертациялар бойынша біреуі ғылым докторы, екіншісі ғылым докторы немесе кандидаты болып келетін екі ресми оппонент тағайындалады.

Ресми оппоненттерді диссертациялық кеңес белгілей алмаған жағдайда, оларды ЖАК тағайындай алады.

23. Диссертациялық кеңес ресми оппоненттердің бір-біріне, жетекші ұйымға, диссертациялық жұмыстың ғылыми жетекшісіне (кеңесшісіне) тәуелсіздігі қағидасын қатаң басшылыққа алады. Диссертациялық кеңес комиссияларының мүшелері, ЖАК төралқасының, сараптау кеңестерінің мүшелері мен аппарат қызметкерлері, диссертация қаралатын диссертациялық кеңестердің төрағалары, төрағаларының орынбасарлары мен ғалым хатшылары, ізденушінің ғылыми жетекшілері (кеңесшілері), диссертация тақырыбы бойынша жарияланған еңбектерінің авторластары, сондай-ақ, диссертациялық жұмыс даярланған немесе ізденуші қызмет ететін жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың басшылары, сонымен қатар ізденуші тапсырыс беруші немесе орындаушы (бірге орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқан кафедралардың, лабораториялардың, секторлардың, бөлімдердің қызметкерлері ресми оппонент бола алмайды. Ресми оппоненттер әр түрлі ұйымдардың қызметкерлері болуы керек және жетекші ұйымның қызметкерлері болмауы тиіс.

24. Ресми оппонент диссертация мен оның тақырыбы бойынша жарияланған еңбектерді зерттеудің нәтижесінде диссертациялық кеңеске таңдалған тақырыптың өзектілігі, диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелердің, қорытындылар мен ұсыныстардың дәлелділік деңгейі, олардың негізділігі, жаңалығы мен диссертацияның осы Ережелердің талаптарына сәйкестілігі бағаланған жазбаша пікірін тапсырады.

Ресми оппоненттердің пікірлерінің көшірмесі ізденушіге диссертациясының қорғалуынан кем дегенде 10 күн бұрын беріледі.

Диссертациялық кеңес ресми оппоненттің пікірлері көрсетілген талаптарға сай келмеген жағдайда қайта өңдеу үшін оны қайтарып беруге, болмаса ЖАК рұқсатымен ресми оппонентті ауыстыруға құқылы.

25. Диссертациялық кеңестер ЖАК бекіткен тізбе бойынша қорғалатын диссертациямен бір топтағы мамандықтардың ғылым докторлары істейтін, тиісті ғылым саласындағы жетістіктерімен кеңінен танымал ұйымдардан (ғылыми, ғылыми-зерттеу, ғылыми-өндірістік ұйымдар мен жоғары оқу орындарынан) диссертациялар бойынша жетекші ұйымдарды тағайындайды.

Жетекші ұйымның пікірінде диссертация авторының қолы жеткен нәтижелерінің ғылым мен практика үшін маңыздылығы көрсетіледі. Пікірде, сондай-ақ, диссертацияның тұжырымдары мен қорытындыларын пайдалану туралы нақты ұсыныстардың болуы шарт.

Жетекші ұйымның пікірін оның басшысы немесе оның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары бекітеді.

Жетекші ұйым пікірінің көшірмесі диссертациялық кеңес пен ізденушіге диссертация қорғалардан ең кемі 10 күн бұрын беріледі.

Диссертациялық кеңес жетекші ұйымның пікірі көрсетілген талаптарға сай келмесе оны қайтарып беруге, немесе ЖАК рұқсатымен жетекші ұйымды а у ы с т ы р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

26. Кеңес ізденушінің тілегі бойынша теріс пікірлер мен қорытындылардың болғанына қарамастан, диссертация қорғауды тағайындауға ерікті.

27. Докторлық диссертация қорғау ізденушінің, осы Ережелердің 13-тармағына сәйкес, диссертацияның негізгі нәтижелері баяндалған жұмыстары жарияланғаннан соң үш айдан, ал кандидаттық диссертация қорғау екі айдан к е й і н ө т к і з і л д і .

28. Диссертациялық кеңестің мәжілісі, егер оның жұмысына ресми оппоненттер және кеңес құрамының кемінде үштен екісі, қорғалатын докторлық диссертациясының әр мамандығы бойынша кеңес мүшелерінен кемінде үш ғылым докторы және қорғалатын кандидаттық диссертацияның әр мамандығы бойынша кемінде екі ғылым докторы міндетті түрде қатысса, құқықты болып с а н а л а д ы .

Диссертациялық кеңестің ғылыми дәреже беру мәселесі туралы шешімі, оған мәжіліске қатысып отырған кеңес мүшелерінің ең кемінде үштен екісі дауыс берсе ғ а н а қабылданды деп есептеледі.

29. Диссертацияны көпшілік алдында қорғау ғылыми пікірсайыс сипатында болуға тиіс және жоғары талапшылдық, принципшілдік және ғылыми этика нормаларын сақтау жағдайында өткізілуге тиіс, диссертацияда баяндалған ғылыми және практикалық сипаттағы барлық тұжырымдар мен ұсыныстардың жаңалығы, негізділігі барынша байыпты тұрғыдан талдануы керек.

Ресми оппоненттер диссертация қорғауға қатысуға міндетті. Ерекше жағдай ретінде диссертация бойынша оң пікір білдірген ресми оппоненттердің біреуі ғ а н а дәлелді себептермен кеңес мәжілісіне қатыса алмаған жағдайда, докторлық диссертация қорғауды өткізуге рұқсат етіледі. Мұндайда диссертациялық кеңестің мәжілісіне келе алмаған ресми оппоненттің пікірі толығымен жария е т і л е д і .

Кеңес мәжілісіне оппоненттердің біреуі келмей қалса да кандидаттық диссертация қорғауды өткізуге тыйым салынады.

30. Диссертация қорғау аяқталғаннан кейін диссертациялық кеңес ғылыми дәреже беру туралы мәселе бойынша жасырын дауыс беруді өткізеді.

Есеп комиссиясының хаттамасы мәжіліске қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің ашық дауыс беруімен жәй көпшілік дауыспен бекітіледі.

Диссертация қорғау жөніндегі кеңес мәжілісін өткізу рәсімі, сонымен бірге жасырын дауыс беру және есеп комиссиясының жұмыс тәртібі Диссертациялық кеңес туралы Ережеде белгіленеді.

31. Жасырын дауыс беруден кейін, диссертация қорғау бойынша оң шешім

қабылданған жағдайда, кеңес ашық дауыс беру арқылы диссертация жөнінде қ о р ы т ы н д ы қ а б ы л д а й д ы .

Диссертациялық кеңес қорытындысында ізденушінің жеке өзі қол жеткізген ең елеулі ғылыми нәтижелері, олардың негізділігі мен жаңалығының бағасы, олардың теория және практика үшін мәні, диссертациялық зерттеудің нәтижелерін пайдалану жайындағы ұсыныстары айқындалуы қажет, сондай-ақ диссертацияның осы Ережелердің 10 немесе 11 баптарының қайсысы бойынша бағаланғаны көрсетілуі тиіс.

Қорытындының көшірмесі ізденушіге өзінің өтініші бойынша бір ай мерзімде б е р і л е д і .

32. Диссертация қорғау нәтижелері бойынша оң шешім қабылданған жағдайда, диссертациялық кеңес диссертация қорғалғаннан кейін бір айдың ішінде ЖАК-қа диссертацияның, мәжілістің аудио жазбасы (бейне жазбасы) мен ізденушінің аттестациялық іс құжаттарының бірінші даналарын жібереді. Аттестациялық іс құжаттарының екінші даналары диссертациялық кеңесте он жыл бойы, ал мәжілістердің аудио (бейне жазбалары) жазбалары аттестациялық істер бекітілгенге дейін сақталады. Ізденушінің аттестациялық істерін рәсімдеу ЖАК белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

Диссертация қорғау нәтижесінде диссертациялық кеңес теріс шешім қабылдаған жағдайда, ізденушіге тиісті құжаттарын қайтару және ЖАК-қа хабарлау тәртібі Диссертациялық кеңес туралы Ережеде айқындалады.

33. Қорғау нәтижесінде кеңес теріс шешім қабылдаған диссертациялар сол шешім шығарылғаннан соң бір жылдан ерте емес мерзімде өңделген күйде қайта қорғауға ұсынылуы мүмкін. Теріс шешімді ЖАК шығарған жағдайда да нақ осындай шартпен диссертацияны қайта қорғауға ұсынуға болады. Қайта қорғауға ЖАК рұхсаты қажет емес. Қайта қорғау кезінде ресми оппоненттер құрамы мен жетекші ұйым толығымен ауыстырылуға тиіс.

34. Ғылыми дәреже берілген ізденушілердің диссертацияларын авторефераттарының бір данасымен бірге сақтау үшін ЖАК белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасына береді.

6. Диссертациялардың ЖАК-та қаралуы

35. Диссертациялардың ғылыми біліктілік деңгейінің осы Ережелер талаптарына сәйкестігін ЖАК сараптау кеңестері (сарапшылар) қарайды.

Егер осы Ережелердің 31-бабына сәйкес қабылданған диссертациялық кеңестің қорытындысы жеткілікті дәлелденбеген болса, онда ЖАК сараптау кеңесінің (сарапшының) қорытындысы негізінде оны жетілдіру үшін диссертациялық кеңеске қайта қайыра алады. Мұндай жағдайда диссертациялық кеңес мәжілісінде диссертацияны қайта қарағанда ізденушінің қатысуы міндетті е м е с .

Егер сараптау кеңесі (сарапшы) диссертация қорғалу кезінде кеңесте диссертацияны сараптау сапасыз жүргізілгенін анықтаса, онда ЖАК диссертацияны аттестациялық ісімен бірге осы Ереже талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында қосымша қорытынды (ұжымдық пікір) шығару үшін басқа диссертациялық кеңеске жібере алады.

Диссертациялық кеңестің қосымша қорытынды (ұжымдық пікір) беруге жіберілген диссертацияны қарау кезіндегі мәжілісін өткізудің рәсімі Диссертациялық кеңес туралы Ережеде белгіленеді.

Қажетті жағдайларда ЖАК сараптау кеңесінің мәжілісіне ізденушілерді, диссертация қорғау өткізілген немесе қосымша қорытынды (ұжымдық пікір) жүргізілген диссертациялық кеңестердің басшыларын, ресми оппоненттерді, ғылыми жетекшілерді (кеңесшілерді), сондай-ақ жетекші ұйымының өкілдерін шақыра алады, немесе диссертациялық кеңес мәжілісіне өз өкілдерін жібере а л а д ы .

Ізденуші өзінің диссертациясы мен аттестациялық ісі жөніндегі сараптау кеңесінің (сарапшының) қорытындысымен, ол туралы ЖАК төралқасының шешімі қабылданған күннен кейін екі ай мерзім ішінде танысуға құқылы.

36. Ғылым докторы ғылыми дәрежесін ізденушінің диссертациясы мен аттестациялық істерін ЖАК-та қарау мерзімі сегіз айдан, ал ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін ізденушінің диссертациясы мен аттестациялық істерін қарау мерзімі төрт айдан аспауға тиіс.

Диссертацияларды сараптау ұзақ уақытты қажет ететін ерекше жағдайларда сараптаудың мерзімін ұзарту мәселесін әрбір нақты іске байланысты ЖАК б а с ш ы л ы ғы ш е ш е д і .

37. Ізденушінің аттестациялық іс құжаттарына техникалық сипаттағы түзетулер енгізу тек ЖАК рұқсатымен жүзеге асады.

38. Ізденуші диссертациясын оның қаралуының, диссертациялық кеңес немесе ЖАК ізденушінің диссертацияда авторы мен дерек көзіне сілтемесіз бөтен материалды пайдаланғанын анықтаған жағдайдан басқа, кез келген кезеңінде: диссертациялық кеңесте мәжіліс басталғанға дейін, ал ЖАК-та ғылым докторы ғылыми дәрежесін беру немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін беру туралы диссертациялық кеңес шешімін бекіту жөнінде шешім қабылданғанға дейін қараудан алуға құқылы.

Ізденушінің жазбаша өтініші бойынша диссертацияны қараудан алып тастау хаттамамен рәсімделеді және қабылданған шешім түпкілікті болып табылады. Диссертация диссертациялық кеңесте немесе ЖАК-та қаралудан алынғаннан кейін ол тиісті өңдеуден өткеннен соң, қорғауға жаңа жұмыс ретінде ұсыныла а л а д ы .

39. Диссертация қорғау рәсімі бұзылған жағдайда (оппоненттердің біреуі жоқ

болғанда, оппоненттер мен жетекші ұйым дұрыс таңдалмағанда), сондай-ақ стенограмма талқылаудың шынайы жүрісіне сәйкес келмегенде ЖАК диссертацияны қайта қорғауға жіберуге құқылы. Қайта қорғау ЖАК шешім қабылдағаннан 3 айдан кейін өтуі мүмкін және ондайда қайта қорғауға әкеп соқтырған кемшіліктер міндетті түрде түзетілуі тиіс.

40. Бір ғалымның жетекшілігімен орындалған екі диссертациялық жұмыс бойынша теріс шешім қабылданған жағдайда ЖАК ұйым басшыларына оларды 3 жылға дейін ғылыми жетекшілік жасауға қатыстырмауды ұсынады. Бұл ұсыныс диссертациялық жұмыстар жөнінде әділ қорытынды бермеген оппоненттер мен жетекші ұйымдарға да қатысты.

41. Ғылыми дәреже беру жөніндегі құжаттар ЖАК белгілеген тізбеге сәйкес мемлекеттік немесе орыс тілінде тапсырылады.

7. Жоғары білікті кадрларды қайта аттестаттау

42. Қазақстан Республикасымен ғылыми дәрежелер бойынша мемлекеттік үлгідегі біліктілік құжаттарды өзара тану туралы келісім жасасқан мемлекеттердің мемлекеттік аттестаттау органдары берген ғылым докторы немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежелері бар Қазақстан Республикасының азаматтарын қайта аттестаттау жоғарыдағы келісімдерге сәйкес олар жұмыс істейтін ұйымның немесе өздерінің жеке өтінішімен белгіленген тізбе бойынша құжаттарын ұсынған жағдайда жүргізіледі.

43. Қайта аттестаттауға мемлекеттік емес ұйымдар (шағын кәсіпорындар, қоғамдық академиялар, академияаралық комиссиялар және т.б.) берген ғылым докторлары мен ғылым кандидаттарының дипломдары қабылданбайды.

Ескерту: 43-тармақ өзгертілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 1 сәуірдегі N 257 бұйрығымен.

44. Қазақстан Республикасымен біліктілік құжаттарды өзара тану туралы келісім жасаспаған елдер берген ғылыми дәрежелері бар Қазақстан Республикасының, сондай-ақ басқа елдердің азаматтарының дипломдарының сәйкестігі туралы мәселені ЖАК жеке жағдайда халықаралық конвенцияларға сәйкес шешеді.

8. Дипломдарды ресімдеу және табыстау

45. Ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін беру туралы шешім диссертациялық кеңес шешім шығарған күннен, оны ЖАК бекіткеннен кейін күшіне енеді. Ғылым докторы ғылыми дәрежесін беру туралы шешім ЖАК шешім қабылдаған күннен бастап күшіне енеді.

46. Ғылым докторы немесе ғылым кандидаты дипломын жоғалтқандарға жаңа реттік нөмірмен төлқұжат берілуі мүмкін.

47. Ғылым докторының дипломын ЖАК береді, ғылым кандидатының дипломы ЖАК-та толтырылады да, тиісті диссертациялық кеңестің басшылығы қол қойғаннан кейін ЖАК-тың елтаңбалы мөрімен расталады.

9. Ғылыми дәрежелерден айыру (қалпына келтіру)

48. Ғылыми дәрежелер жаңсақтықпен берілген адамдарды ЖАК бұл дәрежелерден айыруы мүмкін.

Ғылыми дәрежелерінен айрылған адамдардың бұрынғы дәрежелерін, бұл үшін жеткілікті негіздер болған жағдайда ЖАК қалпына келтіруі мүмкін.

Он жылдан астам уақыт бұрын қабылданған ғылыми дәрежелер беру (айыру) туралы шешімдердің негізділігі жөніндегі мәселелерді диссертациялық кеңестер мен Ж А К қ а р а м а й д ы .

49. Берілуі ЖАК-тың құзыретіндегі ғылыми дәрежелерден айыру (қалпына келтіру) туралы материалдарды оның төралқасы қарайды.

10. Апелляцияларды қарау

50. Ұйымдар, ізденушілер және басқа тұлғалар шешім қабылданған күннен бастап екі ай мерзімнен кешіктірмей диссертация қорғаған кеңеске және ЖАК-қа диссертациялық кеңестердің ғылыми дәрежелер беру (айыру) мәселелері жөніндегі шешімдеріне апелляция (шешімдерге шағым) бере алады. Диссертациялық кеңес апелляцияны екі ай мерзім ішінде қарауға тиіс.

Диссертациялық кеңестің қорытындысы мен апелляцияны қарау жөніндегі басқа да материалдар диссертациялық кеңестің мәжілісінен кейін 10 күнде Ж А К - қ а ж і б е р і л е д і .

51. Диссертациялық кеңестердің ғылыми дәрежелер беру (айыру) мәселелері жөніндегі шешімдеріне берілген апелляциялар бойынша шешімді, диссертациялық кеңестердің апелляцияларды қараған материалдары мен сараптау кеңестерінің қорытындыларын ескере отырып, ЖАК төралқасы қ а б ы л д а й д ы .

52. ЖАК төралқасының ғылыми дәрежелер беру (айыру), сондай-ақ жоғары білікті кадрларды қайта аттестаттау жөніндегі шешімдеріне төралқа шешім шығарған күннен екі айдан кешіктірмей ЖАК-қа апелляция беруге болады.

Апелляцияны ЖАК апелляциялық комиссиясы қарайды. Апелляциялық комиссияның қорытындысы ЖАК төралқасының бекітуіне беріледі. Оның шешіміне қайталап берілген апелляция қабылданбайды.

53. Апелляцияны қарау рәсімін өз құзыретіне сәйкес ЖАК белгілейді.

54. Диссертацияны қайта қорғау апелляцияны қанағаттандыру жөнінде теріс шешім қабылданғаннан соң бір жылдан кейін мүмкін болады.

Қайта аттестаттауға жіберіліп ЖАК-тың теріс шешімін алған диссертациялық жұмыс ЖАК белгілейтін диссертациялық кеңестің қарауына жалпы негізде қабылдануы мүмкін.

55. Таратылуы шектеулі мәліметтер бар жұмыстарға қатысты осы Ережелерді қолданудың кейбір ерекшеліктерін ЖАК белгілейді.

56. Осы Ережеде көзделмеген ерекше жағдайларды ескеруді қажет ететін мәселелерді өз құзыретінің шегінде ЖАК төралқасы шешеді.

57. Осы Ережелермен реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарында қарастырылған тәртіппен шешіледі.